

## "Республикалық астық сараптау" және "Қазтұқымсараптау" Республикалық мемлекеттік кәсіпорындарының мәселелері

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 2 наурыз N 342

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің жанындағы "Республикалық астық сараптау" шаруашылық жүргізу құқығындағы Республикалық мемлекеттік кәсіпорыны мен Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің "Қазтұқымсараптау" шаруашылық жүргізу құқығындағы Республикалық мемлекеттік кәсіпорынын қосу жолымен Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің "Қазагрэкс" шаруашылық жүргізу құқығындағы Республикалық мемлекеттік кәсіпорынына (бұдан әрі - Кәсіпорын) қайта ұйымдастырылсын.

2. Мемлекеттік басқарудың уәкілетті органы, сондай-ақ Кәсіпорынға қатысты мемлекеттік меншік құқығы субъектісі функцияларын жүзеге асырушы орган болып Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі айқындалсын.

3. Кәсіпорын қызметінің негізгі нысанасы заңдарға сәйкес: астық пен оның өңделген өнімдерінің сақталуын және сапасын сараптау, тиісті сертификаттар бере отырып, астық пен оның өңделген өнімдерінің сапасын белгіленген тәртіппен сертификаттық сынау;

жаңа егін астығының сапасын бағалау және оны ұтымды пайдалану жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

ауыл шаруашылығы өсімдіктері тұқымдарының сорттық және себу сапаларын тексеруді (сараптауды) және оларды құжаттауды жүзеге асыру деп айқындалсын.

4. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігі: Кәсіпорынның Жарғысын бекітсін, оның басшысымен шарт жасассын және белгіленген тәртіппен Кәсіпорынның мемлекеттік тіркеуін өткізсін;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің бұрын қабылданған шешімдерін осы қаулыға сәйкес келтіру туралы Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұсыныстар енгізсін;

5. **Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 05.08.2013 № 796 қаулысымен.**

6. Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жанындағы Республикалық астық инспекциясын қайта ұйымдастыру туралы" 1999 жылғы 17 наурыздағы N 251 P990251\_ және "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Республикалық мемлекеттік

тұқымдық инспекциясын қайта ұйымдастыру туралы" 1999 жылғы 17 наурыздағы N 252 Р990252\_ қаулыларының күші жойылған деп танылсын.

7. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң*

*Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК